

Ғ.Қ. Кенжебаев^{1*}, Қ.А. Еңсенев², А.Т. Мәден³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы

²ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты
Астана қ., Қазақстан Республикасы

³Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: kgabit62@mail.ru

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАЙЛАР ИНСТИТУТЫ (XIX-XX ғғ.)

Аңдатпа.

Ғылыми-зерттеу мақаласында Қазақ қоғамындағы байлар институтының XIX-XX ғасырлардағы қалыптасуы, дамуы және қызметі қарастырылған. Қазақ хандығы кезеңінде де байлар болған. Ол дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктерінің бір тобын құраған. Яғни, әлеуметтік категория болып табылады. Ауқатты байлар қазақ даласында әр ғасырда өмір сүрді. Олар өздерінің іскерлігімен, ақыл-парасатымен ел басқаруға араласқан, аймақты немесе ауылды ұйымдастырып жүретін қабілетті адамдар болды. Әр кезеңде өмір сүрген байлар заманына қарай еңбек еткен, табыс тапқан және қарамағындағы халыққа көмектескен. Тұрғындарды шаруашылықты дамытуға ұйымдастырған, мемлекетке салық төлеген. Тарихқа назар аударсақ, олар дәстүрлі қазақ қоғамында Қазақ хандығы құрылғаннан бері XV-XVIII ғасырлар аралығында әлеуметтік топ өзгеріссіз дамыған. Олардың статусы мен сословиесінде елеулі өзгеріс XIX-XX ғасырларда болған. Бұл Патшалық Ресей империясының әкімшілік басқаруы кезеңінде өзгеріске түсті. Одан кейін Кеңес үкіметінің 1930 жылы «Байларды тап» ретінде қуғындап жою қаулысы шықты. Демек, қазақ халқының дәстүрлі қоғамдық құрылысы өзгеріске ұшырады және бұзылды. Осы аталған қазақ қоғамындағы байлар институтын әлеуметтік құрылым ретінде қарастыру үшін Отандық және шетелдік авторлардың еңбектері пайдаланылды және архив деректері, құжаттар жинағы ғылыми айналымға тартылды.

Негізгі сөздер. Қазақстан тарихы, Қазақстан, Ресей империясы, Кеңес үкіметі, байлар институты, әлеуметтік жіктеліс, әлеуметтік категория, отарлау, конфискация, коллективтендіру.

Кіріспе.

Көшпелі қазақтың әлеуметтік құрылымы XV-XVI ғасырларда дамыды және XIX ғасырдың басына дейін өмір сүрген Қазақ хандығында қоғамы екіге бөлінді: «Ақсүйек» және «Қарасүйек». Ақсүйектерге сұлтандардан басқа қожа да кірді. Қарасүйек бірнеше түрлі тармақтарға бөлінген. Олардың ішіндегі ең ықпалдысы билер болды. Қазақ руларын басқарды, сондықтан оларды деректерде кейде билеушілер деп те атайды. Ең беделді билер ханның жақын төңірегінде болды. Сондай-ақ, қара сүйекке жауынгерлер жатқызылды. Олар негізінен әскери басшылар және әскери функцияларды атқарды. Соғыс кезінде жиі батырлар қазақ халқының басында тұрды. «Қарасүйек» ішінде қазақ ауылының дәулетті элитасын «байлар» тобы құрады. Олар мал иелері және қолайлы жайылымдары болды. Олардан халықтың төменгі әлеуметтік топтары тәуелді болды. Ең қарапайым қазақ қоғамындағы топты шаруалар құрады.

Көшпелі қазақтарда байлар қоғамының едәуір басым бөлігі болды. Алайды бұл арада байлардың ерекше тегі болмағанын, сұлтандар арасында да, билер арасында да, қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын ерекше ескерте кеткен жөн. Басқаша айтқанда, байлар қоғамының әлеуметтік жағынан біртектес болған жоқ. Сөз жоқ, материалдық игіліктің молдығы зор пайда келтіріп, қоғамдағы беделді айқындап отырды. Солай бола тұрса да, ерекше саяси құқықтар дәулеттің мол болуымен байланыстырылмады. Жекелеген байлардың қоғамдағы орыны олар жататын тектің орнымен айқындалды. Дәстүрлі қазақ

қоғамының экономикалық өмірінде көрнекті рөл атқарған әлеуметтік топ – байлардан құралған «Байлар институты» болды.

Мақала мақсаты: қазақ қоғамындағы «Байлар институтын» әлеуметтік категория ретінде жеке зерттеу және оның маңызды мәселелерін анықтау.

Қазақ қоғамындағы Байлар институтының қалыптасуы, дамуы және қоғамдағы рөлін қарастыру өте маңызды мәселе. Өйткені, қазақ қоғамының өзіндік әлеуметтік жіктелісі қалыптасты. Бұрынғы уақытта қазақ қауымында хандар, сұлтандар, батырлар, байлар және қарапайым шаруалар болды. Олардың әрқайсысының өзіндік атқарған қызметі болды. Сондықтан, Байлар институтын әлеуметтік сословие ретінде зерттеу өте өзекті тақырып болып табылады. Мысалы, XV-XVIII ғасырлар аралығында «Байлар институты» дәстүрлі эволюциялық жолмен өзгеріссіз дамыды. Ал, XIX-XX ғасырларда бұл әлеуметтік категорияға жататын топ өзгерістерге түсті. Сол себепті, Байлар институтының эволюциялық дамуын зерделеу өте маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Материалдар. Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚРПА) деректері және Қазақстанда жарық көрген «Прошлое Казахстана в источниках и материалах», «Материалы по истории политического строя Казахстана» жинағы пайдаланылды. Сондай-ақ, Қазақстанды Ресей империясының отарлауына байланысты жазылған шетелдік және отандық ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасау іске асырылып, оларға сілтемелер жасалынды. Осы бағыттағы құжаттар жинақтары мен деректер жинақталып, ғылыми мақаланы дайындауға пайдаланылды.

Методология. Ғылыми-зерттеу тақырыбына нысан ретінде алынған «Байлар институтын» әлеуметтік категория ретінде қарастыру, зерделеу аса маңызды мәселе болып табылады. Тарих ғылымының теория-методологиясы бойынша қоғамдағы әлеуметтік топты зерттеудің өзіндік ұстанымдары бар. Мысалы, В.Н. Сидорцовтың «Методологические проблемы истории» атты еңбегінде қоғамдағы әлеуметтік топты қарастырудың өзіндік жолын атаған. Тарихи зерттеуде ең маңыздысы тарихи принцип және жүйелі тұрғыдан зерттеу мәселесін көрсеткен [1].

Шетелдік авторлар - Zh.S. Mazhitova, Valeriya Valerievna Torop, Dmitriy Aleksandrovich Singilevich, M.V. Afonin «Judicial and legal institutions in traditional kazakh society in the russian researchers' view (XIX century)» атты еңбегінде: «Ресей үкіметінің саяси-әкімшілік-құқықтық реформаларынан кейін байлар, билер соты қазақ қоғамында өзінің маңызын жоймай, көшпелі қауымның әлеуметтік-экономикалық өмірін реттеуші рөлін атқарғанын атап көрсетті. Сонымен бірге, қазақтар ішінде де, ауқатты байлар болды, қауымаралық деңгейде туындайтын кикілжіңдерді шешуде билер маңызды рөл атқарды. Қазақ қоғамының Ресей империясының құрамына кіруі нәтижесінде қалыптасқан саяси-құқықтық жағдайларға байланысты «Байлар институты» да өзгеріске ұшырады», [2] - деп жазды.

Қазақстандық тарихшы, ғалым Н.Э. Масанов «Кочевая цивилизация» атты еңбегінде: «Барлық облыстарды қамтитын табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың өзара әрекеттесу жүйесі көшпелі қоғамның тіршілік әрекеті жан-жақты бола алмайды, барлық жағынан біртұтас тұтастық ретінде зерттеледі. Дәстүрлі қоғамның генезисі мен эволюциясының мәселелері зерттемей және талдаусыз әртүрлілік ойлар айтылып келеді. Көшпеліліктің кеңістіктік-уақыттық пайда болуы мен қызмет ету заңдылықтарын зерттеу көшпенділіктің экологиялық детерминанттарын зерттеу үшін де қажет және құрғақ аймақтың адам шаруашылығының даму процестері Еуразия халықтарының тарихи даму динамикасын талдау осы аймақтардан басталады [3]», - деген ой айтқан.

Француз тарихшысы Н.Верт «Кеңес Одағының тарихы» атты еңбегінде Қазақ қоғамындағы байларды тап ретінде жою саясатының арнайы қаулымен 1929-1930 жылдары

жүзеге асырылғандығын атап өткен. Онда коллективтендіру, тәркілеу барлығы мақсатты түрде жүргізіліп, «байларды» құрту жоспарымен қаншама адамдар зардап шеккендігі, соның нәтижесінде әлеуметтік топтың дәстүрлі эволюциялық даму жолы кесілгендігін де анықтап жазған [4]. Демек, қоғамдағы әлеуметтік категория тұрғысынан зерттеу өте маңызды екені байқалады. Сондықтан, әр кезеңде өмір сүрген қазақ байларының қоғамдық ортадағы қызметін қарастыру аса маңызды. Олар қазіргі тілмен айтқанда оқу-ағарту және өнер саласына да қолдау білдірген меценаттар болған.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Көшпелі қоғам - бұл көшпелілердің өмір салтында қауымдық принциптердің абсолютті үстемдік етуі негізгі шарт және сонымен бірге осы әлеуметтік жүйенің қызмет ету заңдылығы болып табылатын қауымдардың, қауымдық тәртіптердің қоғамы. Бәлкім, көшпенділік бүкіл көшпенділіктің бүкіл тарихында қауымдастық қоғамның негізгі өндіргіш күші ретінде тұрақты қызмет еткен әлеуметтіктің бірден-бір түрі болса керек. Көшпелі ортадағы шаруашылық, идеологиялық, ғұрыптық қызметтің барлық дерлік түрлері мен деңгейлері өз мәні бойынша қауымдық қатынастарды жүзеге асырудың тиісті жағдайларын, салаларын және нысандарын білдіреді [5].

Қазақ қоғамы мен тарихын зерттеуші И.П. Фальктің еңбегінде қазақ қоғамындағы ауқатты байлардың қатарында ақсақалдар да аталған. Мысалы, Қазақ хандығы дәуірінде билік жойылғанға дейін Ұлыстың басшыларын немесе аймақтарды айтпағанда, халық сайламайды, тек бекзаттар сайлады, сонымен бірге сайлаудың өзі ханның бекітуін қажет етті. Бұл лауазымдарда, әдетте, әкелердің орнын ұлдар алды, бірақ басшының халықтан ешқандай табыс алуға құқығы болмады, олардың үстіне оның ешқандай елеулі құқықтары болмады. Басшы тек аймақтағы ең бай, ең беделді адам. Сондықтан да жергілікті көсемдердің ықпалы зор болды, олардың билігінің барлық формальды елеусіздігіне қарамастан, олар хан қолындағы күшті бақылау құралына айналды, олар арқылы көп нәрсені істей алады [6].

Ресей тарихшысы, қазақ жерін зерттеуші А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казахских, или киргиз-кайсацских, орд и степей» атты еңбегіне назар аударсақ, Ресей мен Қытайдың қазақ ордасына сататын өнеркәсіп тауарларының алуан түрлілігі мен көптігі, оның үстіне көбінде шетелге шығаратын жері жоқ болды. Ресей мен Қытайдың қазақтардан арзан бағамен алатын шикізатқа мұқтаждығы, жоғарыда аталған өнімдерге айырбастау, екі мемлекеттің үкіметтерінің осы сауданы бөлу бойынша қабылдаған шаралары, оның пайдасын алатын адамдар санының көптігі, ең соңында, Ресейге қатысты, Ресеймен сауда жасайтын кеңістіктің кең жолы болды. Қазақтардың Орынбор және Сібір линияларының шекаралас тұрғындарымен қарым-қатынастары жүрді. Онда сауда, айырбас және тағы басқа жұмыстар жасалды. Қазақтар тарапынан арнайы керуен басшылары, ауқатты байлар да жұмыс жасады [7], - дейді.

XIX ғасырдың ортасында базарға тауар шығаратындар негізінен қазақ байлары болды. М.Вяткиннің көрсетуінше, байлардың тарихи аренаға қалыптасқан әлеуметтік топ ретінде шығуы Қазақстандағы тауар айналымының дамуымен байланысты болған. Нарықтағы тауарды негізгі жеткізуші қазақ байлары болды, олар мал өсірді және егіншілік өнімдерімен шығарды. Сондай-ақ, дербес сауда жасаумен қатар, делдалдық саудамен айналысып, орыс тауарларын Орта Азияға, одан Ресейге тауарларды жеткізумен айналысқан. Қазақстанға ақша-несие қатынастарының енуімен байланысты байлар ықпалды бола бастады [8].

Ш.Уалиханов қазақтар XIX ғасырдың орта шенімен салыстырғанда XVIII ғасырда әлдеқайда бай болған деп жазды. Оған дәлел ретінде Сібір қазақтары сыртқы приказдар құрылғанға дейін қазақтар байырақ болған, бұл – күмән келтірмейтін факт, өйткені осы ғасырдың басында Орынбор және Сібір шептеріне айдап әкелінген малдың саны XIX ғасырдың 20-30 жылдардағы ресми есептеулердің өзі жеткілікті. Осы соңғы дәуірде 10 мың

жылқысы болған қазақтар аз болмаған [9]. Ал, біздің кезеңде мал саны азайып келеді деген дерек келтірген.

Тарихшы, ғалым Е.Бекмаханов «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінде: «ХІХ ғасырдың орта тұсына қарай қазақтардың экономикалық өмірінде жаңа әлеуметтік топ – байлар көрнекті рөл атқара бастады. Бұл орайда «бай» деген термин арқылы қазақтар бұрын қандай да болсын бай атанғанын есте ұстау керек. Қарастырылып отырған кезеңде «бай» деген сөз басқа бір әлеуметтік мән-мағынаға ие болған. Байлар сауда мен өсімқорлық ақшаға қатысты істердің дамуына байланысты ерекше қоғамдық топ болып қалыптасты. Қазақтар арасында ірі саудалық және өсімқорлық ақшаға қатысты істермен айналысқан ауқатты бірқатар байлар пайда болды. Бұл қазақ қоғамында ертерек уақытта қалыптасқан әлеуметтік топ – байлар – қазақтардың экономикалық өміріндегі жаңа құбылыс еді» [10. - 106], - деп жазды.

Ғалымның көрсетуі бойынша, бай-феодалдардың қызметші жалдауға көшуі капиталистік жалдаудың алғашқы хабаршысы еді, бірақ ол әлі де жұмыспен өтеудің ауыр азабы астында өтіп, әрі патриархалдық-рулық сарқыншақтармен бүркемеленген болатын. Орынбор көпесі Беловтың айтуына қарағанда, қазақтар бай-феодалдарға жыл маусымдарына қарай жалданған. Егер қызметші қыста жалданса, жалдау мерзімі жер көктегенге дейін, яғни көктемге дейін созылады, бұл жағдайда қазақтар жалдау мерзімін «Көктеу» деп атайды, егер қызметші жазда жалданса, жалдау мерзімі қойдың күзгі қырқымына дейін немесе су қатқаға дейін деп белгіленеді, мұны «Күзеу» немес «Мүз қату» [10. - 108] аталғанын айтады.

Қазақ қоғамының құрылымында байлық жанұялардың жеке меншігіндегі түрінде материалдық негіз болды. Жеке адамдардың күші және әлеуметтік топтың мақсаттары көшпелі мал шаруашылығына негізделді. Көшпелілердің элитасының әрбір өкілі өзінің мүддесін көздеді және оларды нығайтуға ұмтылды. Көшпелі қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық жағдайларының жиынтығы қарым-қатынастар мен байланыстардың белгілі бір формасын тудырды.

ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ байлары қазақ қоғамындағы жаңа әлеуметтік категория емес, бұрыннан бар топ екендігі белгілі. Сондай-ақ, олардың қоғамдағы рөлін күшейе түсуінің себебіне назар аударсақ, хандық биліктің жойылуымен, осыған орай хандық биліктің тірегі болып тұрған билер құқығының әлсіреуіне байланысты және батырлар институтының жойылуына байланысты. Кеңестік тарихнамада қазақ қоғамындағы «байлардың» байлықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайы ешқашан анықталмаған [11], - деп жазды С.Е. Толыбеков өз зерттеу еңбегінде.

Қазақ қоғамында байлар институты өндірістік циклді ұйымдастыра білді. Ең алдымен климаттың ерекше қаталдығына байланысты малдың өлу ықтималдығы болған жылдың қыс мезгіліндегі жағдайлар өсімдік жамылғысының жем-шөп өнімділігінің төмендігіне байланысты ең үлкені, күнделікті қардың, қалың қардың, қатты желдің тұратындығы ескерілді. Соның нәтижесінде көшпелілер таңдауға ерекше талаптар қойды, тіршілік ету мүмкіндігінің өзі тәуелді болатын қысқы жайылымдар көшпелі мал шаруашылығы, қоршаған ортаның даму процесінде мекендеу ортасы мен табиғатты пайдалану, көшпенділер жүйесін дамытты, малды қысқы жаю, бұл тірлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, көшпелі малшылар және табынның ұдайы өндірісі сақталды [3. – 88].

Ресей ғалымдарының қарастыруынша, Қазақ жүздері территориясының шекаралық орналасуына, сондай-ақ ХVІІІ-ХІХ ғасырларда Орта Азияда болған әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерге байланысты бұл аймақтың өзіндік ерекшелігі болды. Империя құрудың принциптері мен әдістерін, Ресейдегі ұлттық саясат мәселелерін талдай отырып, ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысындағы зерттеушілер, оның мазмұны мен соңғы нәтижелері әртүрлі бағаланды. Мемлекеттік саясатты жақтаушылар және Ресейдің өркениеттік миссиясы деді. Шығыста олар орыс мәдениетінің жоғары деңгейлік әлеуетін

атап көрсетті және мемлекеттің орыстандыру ұмтылысын орынды деп санады [12]. Бұл ресейлік зерттеушілердің өзіндік пікірі.

Қазақ халқының Үш жүзінде ауқатты байлар болды. Олар дәстүрлі шаруашылықты дамытты. Өздерінің көші-қоны, қоныстарымен жүрді. Жалпы қазақ қоғамы табиғат аясында: көктеу, жайлау, күзеу және қыстаулар ретінде төрт мезгілде қозғалыста болды. Бұл көшпелі қоғамының «Далалық өркениеті» еді. Байлар көшкенде 200-250 шақырымға дейін көшіп жүрді. Әр рудың өз қонысы мен атажұрты болды. Осы қазақ халқының орналасуы мен ру-тайпалық құрылымы туралы зерттеген этнограф - Марат Мұқанов өте тамаша еңбек шығарған [13].

«Бай» дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүрлі әлеуметтік топ. Жалпы халықтың ұғымында бай есепсіз төрт түлік жинаған мал иесі немесе ата-бабадан қалған байлықтың мұрагері. Байдың қазақ қоғамындағы орыны сол жеке тұлғаның көшпелі малшының көмегіне, оны жүргізу шеберлігіне қарай айқындалады. Дала тұрғындарының күнкөріс тіршілігі өндірістің ерекше тәсілін табуды қажет етіп қоймай қауымдық өмір сүру процесін туғызды. Осы құрылым бойынша ұжымдық еңбек принципі ыңғайымен бірнеше ірілі-ұсақты шаруашылық қауымға бірікті.

Қоғамда әлеуметтік реттеу процесінің барысында байлар тобы қазақ қауымының әлеуметтік-саяси, мәдени және интеллектуалдық элитасын қалыптастырды. Дәстүрлі құрылымды ұйымдастыру мен басқару барысында бай рөлі артумен болды. Ғасырлар бойы ерекше әлеуметтік жүйе, қазақ қоғамындағы құрылым және байлар ауқатты және орташа шаруалар әлеуметтік-экономикалық құрылымының біртұтастығын сақтауда тиімді экономикалық қызмет атқарды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жәрменкелердің көптеп ашылуына байланысты, малмен сауда жасап, заманына сай амал жасаған қазақ арасында: Маман бай (Жетісудан), Мақан Жиенбайұлы, Мырқы Жараспайұлы (Сыр бойынан), Қуан Әленұлы (Ырғыздан), Ақан серінің әкесі Қорамса және тағы басқалары болды. Бірқатар байлар мектептер, медреселер және мешіттер салдырып, әлеуметтік-рухани дамуға үлес қосқан. Қазақ зиялыларының газет-журналдарын шығаруға демеушілік жасаған. Мысалы, Құнанбай Өскенбайұлы Қарқаралыда мешіт, Шыңғыстауда мектеп ашып, Меккеде Тәкия (Қонақ үй) салдырған. Сондай-ақ, Тана мырза Тілемісұлы Тарбағатай мен Қалбатау арасында 7 мешіт пен мектеп салдырған. Жетісуда Маман бай мектеп салдырып, халыққа қамқор болған. Осындай ірі ауқатты адамдар халыққа көп жақсылық жасаған [14].

Байлардың қалыптасуы мен дамуы сауда-ақша қатынастарымен мүлдем байланысты емес. Бай феодалдық шаруашылық күнкөріс, нарықтық қатынастар өркендеген кезде де маңызды болды. Бай әлеуметтік топ ретінде орта ғасырларда да болды. Ол кезде ортағасырлық жүйенің ыдырауынан бастау алады және оның дамуы қоғамдық қатынастардың болуымен және дамуымен органикалық түрде байланысты, соңғы ғасырларда айырбас, тауар айналымы және қазақ қоғамында ақшаның маңызы, бай, сондай-ақ меншік таптың, нарықтық қатынастардан біртіндеп кете бастауы мәселені өзгертпейді. Тауар-ақша қатынастары артта қалған Бай шаруашылықтарын толық иемденіп, олардың дамуының экономикалық бағытын өзгертуге әкелді.

«Бай» сөзі XIX ғасырда пайда болған термин емес. Ол басқа түркі тілдес халықтардың көне ескерткіштерінде кездеседі. XVII-XVIII ғасырларға жататын қазақ халық фолькорында «бай» термині де өзінің жиі айтылатын әлеуметтік мағынасында қолданылады. «Бай» ұғымы сауда-саттық, ақша-несие қатынастарының дамуымен байланыстырылған дереккөздерден, оның ішінде халықтың өзінің бай және алуан түрлі ауыз әдебиетінде де ешқандай түсінікті кездестіруге болмайды.

«Бай» сөзінің екі атауын ажырату керек. Бір жағдайда ол бай адамды, жалпы «бай», «байлық» - байлықты белгілеу үшін қолданылады. Шаруа қожалығында тұтыну мен кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде мал мен жайылым

болуы жеткілікті болды және ол қазірдің өзінде бай болуы мүмкін. Хандар, сұлтандар, билер, тархандар, старшындар – мұның бәрі бай адамдар болған, өйткені олардың иелігінде ең жақсы жайылымдық жерлер мен көптеген отарлар болды. Басқа жағдайда «бай» термині жалпы барлық байларды білдірмейді, тек осы таптың мұрагерлікпен берілген атақтары жоқ белгілі бір қабатын білдіреді [15].

Қазақтардың бұрынғы дәстүрлі қоғамы дала демократиясына негізделген немесе жартылай отырықшы сипатта болды, өйткені ол кемелденген қоғам емес, жартылай көшпелі және жартылай отырықшы қатынастармен сипатталды. Билеуші тап жартылай әскери немесе жартылай көшпелі мал иелері: сұлтандар, билер, байлар мен батырлар, әлі типтік феодалдар болып саналмаған, әлеуметтік топтардың құрылымынан тұрды. Қазақ қоғамында байлардың ең жақын туыстары, жартылай тәуелді кедейлер әлі де көрінді. Бай немесе батырды өздерінің арғы тегі және қамқоршысы етіп, бұл кедейлер мен байлардың бұрынғы бір атадан тарағанын негіздеді. Бұл қазақ еңбекшілері бұқарасының ол кезде әлі де баяғыдан бері патриархалдық жүйенің көзқарастарымен өмір сүргенін көрсетеді.

Қазақтардың көшпелі қоғамына тән белгілердің бірі ондағы таптық қатынастардың тайпалық сипатына ие болуы. Бүкіл өмір рулық құрылымдық жүйеде болды, тіпті таптар күресі көп жағдайда қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде, әсіресе көшпелілер бөлігінде кейбір өзгерістермен олар негізінен XX ғасырдың басына дейін сақталды [16].

Толық көшпелі өмір салты бар көшпелі қоғам өте консервативті болды. Ол XV–XVIII ғасырлар аралығында көп өзгеріссіз, қалыпты өмір сүрді. Бұл салыстырмалы тұрақтылық көшпелі мал шаруашылығының өзіндік ерекшелігімен түсіндіріледі, негізгі еңбек құралы – мал шаруашылығындағы өзгерістер мен жетілдірулер негізінде өндіргіш күштерді дамытуға қабілетсіз, сондықтан шаруашылықтың бұл түрінде ынталандырулар мен мүмкіндіктер болмады. Отырықшы өмірге көшусіз өндірістік процестің материалдық-техникалық базасын түрлендіру үшін салыстырмалы қоғамның себебі, оның өндірісінің қарабайырлығы болды. Тайпалық негізде құрылған және шаруашылығына қажеттінің барлығын өз бетінше өндіретін қазақтардың көшпелі қауымдарының өндірістік құрылымының қарапайымдылығы бұл көшпелі қауымдардың өз құрылымын бұрынғы қалпында қайта өндіруіне әкелді [11. – 249].

Қазақ қоғамындағы Байлар институтының өзіндік орыны болған. Оған бірнеше мысал келтіруге болады. Атап айтсақ, Құнанбай Өскенбайұлының замандасы Тыныбай Кәукенұлы өте қайырымды бай болған. Өз тұсында ауқатты бай, қайырымды азамат ретінде тарихта есімі сақталып қалған. Ол Семей қаласында өз қаражатына «Тыныбай мешітін» салдырған. Өзі дәулетті адам және 2-ші гилдияның көпесі болған [17]. Оның халық үшін салдырып кеткен мешіті бүгінге дейін халыққа қызмет жасап тұр.

Қазақ елі арасында Тана (мырза атанған) Тілемісов 1803-1868 жылдар таралығында өмір сүрген тұлға. Мұрын-Назар руларын басқарады. Әскери шені поручик. Сіңірген қызметі үшін қасиетті Анна лентасына алтын медаль тағылып берілген. Елге абыройлы, жомарт, әрі батыл адам деп сипатталған.

Тана мырза 39 жасында болыс сайланған. Бірақ, болыстық беделінен азаматтық ұстанымы, парасатты тұлғасы көбірек танылып, ел ішінде төре тұқымы болмаса да елге жақсы таныла бастаған. Оған А.Влангали, Г.Потанин, В.Майевскийдің жазбалары дәлел. Тіпті өзіне қарсы әрекетте жүрген Тана мырзаны орыс үкіметі ерекше бағалаған тәрізді. 1842 жылы берілген мінездемеде: «Тана Тілемісов, 39 лет, умен, стоек и шедр» - деп жазды. Бұл формулярда оның саяси жағынан сенімсіз адам екені айтылмайды. Тек, әкесімен бірге көшіп жүретіні, болыс болып сайланғаны ғана көрсетілген. Қазақ арасындағы жер дауы, жесір дауы, мал дауы тәрізді мәселелерді шешуге үнемі Тана мырза қатысып өзінің тура билігімен көзге түсіп отырған екен.

1846 жылы Патшалық Ресей империясының құпия экспедициясы ұйымдастырылып Ұлы жүз жеріне әкімшілік қызметкерлері, әскерилері және Тана Тілемісов барған. Онда

жер дауы шешілген. Осы сапардан кейін 1847 жылы «Тана Тілемісов. Саяси сенімсіз» - деген мінездеме берілген. Бұл арада өзге ұлт өкілдері Тана мырзаның қазақ халқына жанашырлығы мен ұлтжандылығын байқаған сияқты. Тана мырза Тілемісұлы қазақ қоғамында мықты дәулетті адамдардың бірі болған. Ол өте қайырымдылығымен, мырзалығымен аты шыққан. Бір өзі Қалбатау мен Тарбағатай арасында 7 мешіт және 7 мектеп салдырып, халықтың сауат ашуы мен рухани дамуына үлес қосқан тұлға [18].

Тағы бір айта кететін мәселе бар. Кезінде Алаш қайраткерлері 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетін Орынборда шығарған. Міне, сол уақытта демеушілік жасаған ерекше қайырымды, халыққа жанашыр тұлға ретінде Мұстафа Оразайұлы есімі тарихта сақталып қалған [19]. Бұл қазақ байларының елге нағыз жанашырлығы екендігі байқалады. Жалпы, олар оқу-ағарту мен өнерге демеушілік жасаған меценаттар да болған.

Одан кейін Алаш арыстары қоғамдық-саяси қызметпен айналысып жүрген уақытта көмек көрсеткен және олар абақтыға түсіп қиналғанда шығарып алып жүрген Қаражан Үкібаев есімді азаматта өте ауқаты және қазақ байы болған. Алашорда үкіметінің орталық басқару органы Бүкілхалықтық Кеңес пен Семей облыстық кеңесінің Алаш қалалық думасы мен Алаш қалалық қоғамдық басқармасының, сондай-ақ Семей уездік Земство басқармасының кеңселері негізінен Алаш қаласында қоныс тепті. Семей уездік Земствосына қатысты бір құжатта оның кеңсесі Алаш қаласындағы белгілі бай-көпес Қаражан Үкібаевтың үйінде орналасқаны атап көрсетілген. Сонымен қатар, Қаражан Үкібаев өзінің көптеген үйлерінің тағы бірін Алаш қаласында қазақ балаларын оқыту үшін мектеп ғимаратына берген көрінеді [20].

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлардың тағылымына зер салатын болсақ, олардың парасат иелері, діни білімі, өмірлік тәжірибесі мол адамдар екендігін түсіну қиын емес. Бастапқыда (патша мен кеңес билігі тарапынан) байлардың, қазақ қоғамындағы өзге де тұлғалар институтын шектеу, қысым көрсету әрекеттері орын алса, кейін ел сыйлайтын, оның мүддесіне жауапты адамдармен қатар олардың қасында жүрген кісілер, ұрпақтары да қудалана бастаған.

Қазақта байлар ұлт шаруашылығына ғана емес, оның территориясының сақталуына да жауапты адамдар болды. Басты міндет жерді дұрыс пайдалану, елдің игілігіне жаратып отыру қажет. Халықтың тұрмысын қамтамасыз ету керек.

1928 жылы Ақтөбе округтік комитетінің, жабық түрде байлардың мал-мүлкін тартып алу үшін өткізген отырыстарында, осы қазақ қоғамында ең соңғы қалған институтты жоюға күш салынғандығы білінеді. Міне, осы уақытта Ақтөбе облысы бойынша мал-мүлкі тәркіленетін байлар 1928 жылы 1 қыркүйекте өткізілген, Ақтөбе округтік комитет бюросының отырысында жабық түрде қаралған. Бұнда шаруашылығы тәркіленетін байлардың бастапқы тізімі бекітілген. Бастапқыда тек қана байлардың ішінде Ақтөбе облысы бойынша 60 адамның тізімі жасақталған. Олардың қатарында Шалқар ауданы бойынша Жиесов Иса, Сүлейменов Алшағыр, Құлжанов Қадыр, Мұхтаров Нағым, Кызылбасов Бәймен, Нұрбаев Зәкір және тағы басқалары тізімге іліккен [21]. Бұдан қазақ қоғамындағы дәстүрлі байлардың әлеуметтік тобын жою жұмыстары жүргізілгенін байқаймыз.

Кеңес Одағы кезінде Қазақ қоғамындағы байларды құртуға бағытталған нақты шаралар қолға алынды. Мысалы, кулактарды тап ретінде жою үшін БК(б)П Орталық комитеті 1930 жылы 15 қаңтарда В.М. Молотов басқарған арнайы комиссия ұйымдастырылды. Орталықтың үлгісімен жергілікті жерлерде дәл осындай комиссиялар және партия комитеттері жанынан үштіктер құрылды. Соңғылар Орталықтан арнайы нұсқаулар алып, іске белсене кірісп кетті.

БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті жанынан құрылған Қазақстанда кулактарды тап ретінде жою шараларын дайындау және жүзеге мәселесіне байланысты Үштік өзінің 1930 жылы 23 қаңтардағы мәжілісінде «Кулактар шаруашылықтарын Қазақстанның ішінде

қоныстандыру туралы» мәселені тыңдап, бірінші кезекте кулактарды жаппай ұжымдастыру шамамен 20 мың адам болып белгіленді. Бай-кулактарды жою шараларын шын мәнінде жүзеге асыру ОГПУ органдарына жүктелді [22].

Қазақстан жерінде «Байларды тап ретінде жою» туралы мәселе Алматы қаласында Қазақ Өлкелік комитетінде 1930 жылы 17 қаңтарда көтеріліп, мәжіліс хаттамасы «аса құпия» деген белгімен толтырылған. Онда байларды тап ретінде жою күн тәртібіне қойылған да, мал-мүліктерін тәркілеу және жер аудару және тағы басқа іс-шаралар жоспарланған [23]. Міне, осылайша қазақ қоғамындағы «Байлар институты» Кеңестік биліктің тарапынан әдейі жойылғандығын байқаймыз.

Қорытынды.

Қорыта келгенде, қазақ дәстүрлі қоғамында бай ұғымы – ауқатты адамдарға байланысты қолданылған. Байлардың дәстүрлі қазақ қоғамында әлеуметтік топ ретінде алатын өзіндік орны айтарлықтай болды. Бай шаруашылықты өзінің мол тәжірибесіне сүйеніп, ауыл ақсақалдарымен кеңесе отырып жүргізді.

Қазақ қоғамындағы байлар ауқатты адамдар қатарын құраған. Олар көшпенді мал шаруашылығы мен ауылдық қауымның арқасында басқа топтарға қарағанда әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан малға бай дәулетті еді. Байлардың бір бөлігі әрдайым көшпенділер қатарына жатса, басқалары әлеуметтік дәреженің келесі сатысына көтеріліп жатты. Олардың арасында саудамен айналысқан көпес адамдар да болды. Жалпы, қазақ қоғамындағы «Байлар институты» бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты, эволюциялық жолмен дамыды және халыққа қызмет жасады. Олар Қазақ хандығы заманында натуралды шаруашылықпен айналысқан болса, уақыт өте келе байлардың қызметі мен статусы өзгерістерге ұшырады. Әсіресе, XIX–XX ғасырларда отарлық жүйеге қараған кезеңде тіпті өзгеріске ұшырады. Ал, Кеңестік билік оларды 1930 жылы «Байлар тап жауы ретінде» жойды. Яғни, ықпалды әлеуметтік топты әдейілеп құртты. Бірақ, қалай дегенменде қазақ байларының есімдері мен жасаған қызметтері тарихта сақталып қалды. Бұл зерттелмеген тың тақырып. Сондықтан, Байлар институтын болашақта арнайы зерттей түсу керек.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX–XXI ғғ.)» (ЖТН № BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Сидорцов В.Н. Методологические проблемы истории. — Минск: Тетра Системс. — 2006. — С. 192-198.
- 2 Mazhitova, Z., Valerievna Torop, V., Aleksandrovich Singilevich, D., Afonin, M., & Kurbanovich Gasanbekov, S. Judicial and legal institutions in traditional kazakh society in the russian researchers' view (XIX century). *Revista Gênero E Interdisciplinaridade*, Vol 1. №1. 2020.
- 3 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Алматы «Социнвест» — Москва «Горизонт». — 1995. — 88 с.
- 4 Верт Н. История Советского государства. – 1900-1991: перевод с французского языка. 2-е издание. — Москва: ИНФРА-М. Издательство «Весь мир». — 2003. — 211 с.
- 5 Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. — Алматы: Ғылым. — 1998. — 234 с.
- 6 Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под ред. Проф Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П. Алматы: Қазақстан. — 1997. — 232 с.
- 7 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – (Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). — Алматы: Санат. — 1996. — 388 с.
- 8 Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – Москва: ОГИЗ Госполитиздат. — 1941. — С.297-298.

- 9 Валиханов Ч.Ч. О кочевках киргиз. Собрание сочинений в пяти томах, Т.4. — Алма-Ата. — 1985. — 298 с.
- 10 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Оқу құралы. — Алматы: Санат. — 1994. — Б. 106-108
- 11 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX вв. (политико-экономический анализ). — Алма-Ата: Наука. — 1971. — 633 с.
- 12 Традиционное казахское общество в национальной политике Российской империи: концептуальные основы и механизмы реализации (XIX – начало XX в.). Документы и извлечения / коллектив авторов. Барнаул: АЗБУКА. — 2014. — С. 4-6.
- 13 Муканов М.С. Этническая территория и расселения казахов в XVIII-XX веков. — Алма-Ата: Казахстан. — 1991. — 64 с.
- 14 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века / Акад. наук Казах. ССР. Ин-т философии и права. — Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР. — 1958. — С.213-215.
- 15 «Бай» сөзінің мағынасы. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. / Ред. Нысанбаев Ә.Н./. — Алматы: Қазақ энциклопедиясының баспасы. — 1999. — 48 б.
- 16 Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. — Алма-Ата: КазГосИздательство. — 1959. — 377 с.
- 17 Сыдықов Е.Б. Алаш қаласының тарихы. — Семей: Жәрдем. — 2010. — 57 б.
- 18 Тілеухан А. Тарихи тұлға-Тана мырза. Тана мырза. — Семей: «Дом печати». — 2023. — Б. 37-38.
- 19 Атабаев Қ.М. Деректану: Оқу құралы. — Алматы: Қазақстан тарихы. — 2007. — Б. 54-55
- 20 Рахметуллин Е.Е. Алаштың атымтай жомарты [Электрондық ресурс] — URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/758> (қаралу уақыты: 27.12.2023).
- 21 Сәрсембин Ү.Қ. Дәстүрлі қазақ қоғамында байлардың орыны қандай? [Электрондық ресурс] — URL: <https://alash24.kz/news/14035> (қаралу уақыты: 01.08.2024).
- 22 Омарбеков Т.О. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. — Алматы: Санат. — 1997. — 106 б.
- 23 Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПА). 141-к., 1-т., 2969-іс, 1-2 пп.

ИНСТИТУТ БАЕВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ (XIX-XX вв.)

Аннотация.

В данной научно-исследовательской статье рассматривается становление, развитие и деятельность института баев в казахском обществе в XIX-XX вв. Баи существовали также и в период Казахского ханства, которые формировали группу социальных слоев традиционного казахского общества, то есть социальную категорию. Состоятельные баи жили в казахской степи в разные века. Благодаря своей предприимчивости, разуму они были способными людьми, которые участвовали в государственном управлении, организовывали деятельность региона или аулов. Баи, жившие в разные периоды, трудились, зарабатывали и помогали жителям, организовывали население на развитие хозяйства, платили налоги государству. Обращая внимание на историю, с момента создания Казахского ханства в традиционном казахском обществе с XV по XVIII века социальная группа баев развивалась без изменений. Существенное изменение их статуса и сословия произошло в XIX-XX веках. Это произошло в период административного управления царской Российской империи. За этим последовало постановление Советского правительства в 1930 году об изгнании богатых как класса. Следовательно, традиционное общественное строительство казахского народа претерпело изменения и было разрушено. Для рассмотрения института баев в казахском обществе как социальной структуры использованы труды отечественных и зарубежных авторов, а также вошли в научный оборот архивные данные, сборники документов.

Ключевые слова. История Казахстана, Казахстан, Российская империя, Советское правительство, институт баев, социальная классификация, социальная категория, колонизация, конфискация, коллективизация.

INSTITUTE OF BAIS IN KAZAKH SOCIETY (19th – 20th centuries)

Abstract.

This research article considers the formation, development and activities of the institute of bais in Kazakh society in the XIX-XX centuries. Bais is also existed in the period of the Kazakh Khanate, which formed a group of social strata of traditional Kazakh society, i.e. a social category. Wealthy bais lived in the Kazakh steppe in different centuries. Due to their enterprise, intellect, they were capable people who participated in the state administration, organized the activities of the region or auls. Bais, who lived in different periods, worked, earned and helped the residents, organized the population for the development of the economy, paid taxes to the state. Paying attention to history, the social group of bais developed without changes since the establishment of the Kazakh khanate in the

traditional Kazakh society from 15th to 18th centuries. A significant change in their status and class occurred in the 19th and 20th centuries. This occurred during the period of administration of the Tsarist Russian Empire. This was followed by a Soviet government decree in 1930 to expel the rich people as a class. Consequently, the traditional social construction of the Kazakh people underwent changes and was destroyed. To consider the institute of bais in Kazakh society as a social structure the works of national and foreign authors were used, as well as archival data and collections of documents were included in the scientific turnover.

Key words: History of Kazakhstan, Kazakhstan, Russian Empire, Soviet government, institute of bais, social classification, social category, colonization, confiscation, collectivization.

REFERENCES

- 1 Cidorcov V.N. Metodologicheskie problemy istorii [*Methodological problems of history*]. Minsk: Tetra Sistems. 2006. P. 192-198. [in Russian]
- 2 Mazhitova, Z., Valerievna Torop, V., Aleksandrovich Singilevich, D., Afonin, M., & Kurbanovich Gasanbekov, S. Judicial and legal institutions in traditional kazakh society in the russian researchers' view (XIX century). *Revista Gênero E Interdisciplinaridade*, Vol 1. №1. 2020. <https://doi.org/10.51249/gei.v1i01.48>
- 3 Masanov N.E. Kochevaya civilizaciya kazahov: osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva [*The nomadic civilization of the Kazakhs: the foundations of the nomadic society*]. Almaty «Socinvest» Moskva «Gorizont». 1995. 88 p. [in Russian]
- 4 Vert N. Istoriya Sovetskogo gosudarstva [*The history of the Soviet State*]. – 1900-1991: perevod s francuzskogo yazyka. 2-e izdanie. – Moskva: INFRA-M. Izdatel'stvo «Ves mir». 2003. 211 p. [in Russian]
- 5 Alimbaj N., Mukanov M., Argynbaev H. Tradicionnaya kultura zhizneobespecheniya kazahov [*Traditional Kazakh life support culture*]. Ocherki teorii i istorii Almaty. Gilim. 211 p. [in Russian]
- 6 Proshloe Kazakhstan v istochnikah i materialah [*The past of Kazakhstan in sources and materials*]/Pod red. Prof Asfendiyarova S.D. i prof. Kunte P. Almaty: Kazakhstan, 1997. 232 p. [in Russian]
- 7 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kajscskih, ord i stepej [*Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak, hordes and steppes*]. – (Pod obshchej redakciej akademika M.K. Kozybaeva). - Almaty: Sanat, 1996. 388 p. [in Russian]
- 8 Viatkin M.P. Osherky po istorii Kazakskoy SSR. – Moskva: OGIZ Gospolitizdat, 1941. P. 297-298. [in Russian]
- 9 Valihanov Sh.Sh. O kochevках kirgiz [*About the Kyrgyz nomads*] /Sobranie sochinenij v pyati tomah, T.4. Alma-Ata. 1985. 298 p.
- 10 Bekmahanov E. Kazakhstan XIX gasirding 20-40 zhildarinda [*Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century*]. Oku kuraly. Almaty: Sanat, 1994. P. 106-108 [in Kazakh]
- 11 Tolybekov S.E. Kochevoe obshchestvo kazahov v XVII – nachale XX vv. (politiko-ekonomicheskij analiz) [*The nomadic society of Kazakhs in the XVII – early XX centuries. (political and economic analysis)*]. Alma-Ata: Nauka. 1971. 633 p. [in Russian]
- 12 Tradicionnoe kazahskoe obshchestvo v nacionalnoj politike Rossijskoj imperii: konceptualnye osnovy i mekhanizmy realizacii (XIX – nachalo XX v.) [*Traditional Kazakh society in the national policy of the Russian Empire: conceptual foundations and mechanisms of implementation (XIX – early XX century)*]. Dokumenty i izvlecheniya / kollektiv avtorov. Barnaul: AZBUKA. 2014. P. 4-6. [in Russian]
- 13 Mukanov M.S. Etnicheskaya territoriya i rasseleniya kazahov v XVIII-XX vekov [*Ethnic territory and settlement of Kazakhs in the XVIII-XX centuries*]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. 64 p. [in Russian]
- 14 Zimanov S.Z. Obshchestvennyj stroj kazahov pervoj poloviny XIX veka [*The social system of the Kazakhs of the first half of the XIX century*]/ Akad. nauk Kazah. SSR. In-t filosofii i prava. Alma-Ata: Izd-vo Akad. nauk KazSSR. 1958. P. 213-215. [in Russian]
- 15 «Bai» sozining maginasy [*The meaning of the word «rich»*]. Kazakhstan ulttik entsilopediyasy. / Red. Nisanbayev A.N./. Almaty: Kazak entsilopediyasyning baspasy, 1999. 48 p. [in Kazakh]
- 16 Tolybekov S.E. Obshchestvenno-ekonomicheskij stroj kazahov v XVII-XIX vekah [*The socio-economic system of the Kazakhs in the XVII-XIX centuries*]. Alma-Ata: KazGosIzdatel'stvo. 1959. 377 p. [in Russian]
- 17 Sydykov E.B. Alash kalasynyng tarihy [*History of the city of Alash*]. Semej: Zhardem. 2010. 57 p. [in Kazakh]
- 18 Tileukan A. Tarihi tulga-Tana mirza [*Historical figure-Mr. Tana*]. Tana mirza. Semej: «Dom peshati». 2023. P. 37-38.
- 19 Atabaev K.M. Derektanu [*Source studies*]. Oku kuraly. Almaty: Kazakhstan tarihy. 2007. P. 54-55 [in Kazakh]
- 20 Rahmetullin E.E. Alashtin atimtai zhomarti [*Alash's atymtay zhomartyn*] Available at: — URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/758> [in Kazakh] (accessed: 27.12.2023).
- 21 Sarsembin U.K. Dasturly kazak kogaminda bailardin orni kandai bolgan? [What is the place of the rich in traditional Kazakh society?] Available at: — URL: <https://alash24.kz/news/14035> (accessed: 01.08.2024).

22 Omarbekov T.O. 20-30 zhyldardagy Kazakstan kasireti [*The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s*]. Almaty: Sanat. 1997. 106 p. [in Kazakh]

23 Kazakhstan Respublikasynyng Prezidenti arhivi (KR PA) [*Archive of the president of the Republic of Kazakhstan*]. 141-k., 1-t., 2969-is, P. 1-2 [in Kazakh]

Information about authors:

Gabit Kenzhebaev – **corresponding author**, doctor of historical sciences, professor of the department of Kazakhstan's «New and contemporary times history named after academician T.S. Sadykov», director of the Institute of «History and Law» of Abai Kazakh National pedagogical university, corresponding member of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: kgabit62@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>

Kanat Yensenov – candidate of historical sciences, associate professor of the department of «Source Studies, leading» researcher at the Institute of state History of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, «Historiography and History of the Fatherland», Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: kanat-02-79@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-1660-1347>

Assilbek Maden – candidate of historical sciences, associate professor of the department of «History and religious studies» of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan

E-mail: assilbek_maden@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>

Информация об авторах:

Габит Кенжебаев – **основной автор**, доктор исторических наук, профессор кафедры «Новая и новейшая история Казахстана имени академика Т.С. Садыкова», директор Института истории и права Казахский национальный педагогический университет имени Абая, член-корреспондент Национальной академии наук Республики Казахстан, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: kgabit62@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>

Канат Еңсенов – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор отдела «Источниковедение, историография и История Отечества», ведущий научный сотрудник Института истории государства МНВО РК, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: kanat-02-79@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-1660-1347>

Асылбек Маден – кандидат исторических наук, доцент кафедры «История и религиоведение» Актыбинского регионального университета имени К. Жубанова, г. Актобе, Республика Казахстан

E-mail: assilbek_maden@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>

Авторлар туралы ақпарат:

Габит Кенжебаев – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, «Академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих және құқық институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kgabit62@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>

Канат Еңсенов – тарих ғылымдарының кандидаты, «Деректану, тарихнама және Отан тарихы» бөлімінің қауымдастырылған профессоры, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kanat-02-79@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-1660-1347>

Асылбек Маден – тарих ғылымдарының кандидаты, «Тарих және дінтану» кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: assilbek_maden@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>